9-дәріс

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КӨПКЕ ҰМТЫЛҒАН ЖАЛҒЫЗ. ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ

Әлеуметтік таным. 2-бөлім

2-тарау. Бұқаралық коммуникация, үгіт-насихат және иландыру. Әлеуметтік таным

Категорияға бөлу және әлеуметтік стереотиптер

Біз адамдар мен оқиғаларды қай категорияға бөлуді аптасына жүз рет саралаймыз. Нәтижесі соғысқа барып тірелмесе де, кез келген оқиғаны түсінуімізге қарай, салдары да үлкен болуы мүмкін. Мысалы, Аронсон замандастары сөзсіз мықты зерттеуші деп есептейтін бір әлеуметтік психологты танитынын айтты. Мінезі байыпты, сыпайы, Х (белгісіздік – ред.) теориясына қомақты үлес қосқан жандардың бірі. Алайда оны «Х теориясының жақтаушысы» немесе «өз саласының майталманы» деп көп айта бермейді. Керісінше, «өте талантты қара нәсілді әлеуметтік психолог» деп таниды. Басқа да қырлары бола тұра, осы тұлғаға үнемі «қара нәсілді» деген анықтауышты таңудың соңы неге апаруы мүмкін? Біз жаңсақ пікірдің табиғаты мен түпкі салдарына кейін кеңірек тоқталамыз. Қазір оқиғалар мен адамдарды категорияға қалай бөлетінімізді және оның әсері қандай болатынын тарқата түсіндіріп кетейік.

Стереотип білім және үміт. Категорияға бөлудің маңызды салдарының бірі – ол кейін біздің үмітімізге арқау болатын әлдебір нақты мағлұматты немесе стереотипті желеу ете алады. Біріншісі, көп адамның стереотип туралы шала-пұла болса да түсінігі бар, сондықтан нақты мәлімет жоқ кезде де, стереотиптерге сүйенуге аса құлықты емес секілді. Екіншісі, бір нәрсені бағалау барысында жалған пайым тудыратын қосымша екіұдай ақпарат араласса, біз қанша жерден түсінуге тырыссақ та, стереотиптердің жетегінде кетіп қалады екенбіз.

Не болды дейсіз ғой? Мадақ естімеген балалармен салыстырғанда, мұғалімдерге «келешегінен көп үміт күттіреді», «оқуға қабілеті бар» деп жорта сендірілген балалардың білімі артып, ақыл-ойы біршама толысқаны байқалған. Осындай жалған үміт немесе стереотиптердің кесірінен адамдардың басқалармен сол үміттің өмір сүру бағдарының негізінен шығатындай, қарым-қатынас жасау процесін ғылымда өздігінен орындалатын болжағыштық деп атайды. Алдағы дәрістерде біз бұл құбылысты талай кездестіреміз. Өздігінен орындалатын сәуегейлік баз біреулер туралы әуелгі әсеріміздің ыңғайымен әрекет етіп, олардың мінез-құлқынан сол әсерімізді растайтындай белгілер көруге тырысу дегенге саяды. Сонымен, мұғалімдердің сенімі «келешегінен көп үміт күттіреді» делінген балаларды қалайша білімпаз қылды? Мұғалімдер өз шәкірттерінің ынта-жігерін көрген кезде, оларды мейлінше қолдап-қолпаштайды, көбірек көңіл бөліп, анағұрлым сыни баға береді және сабақты жиі сұрайды. Бұлар – кез келген адамның оқуға зеректігін арттыратын жағдайлар.

Қысқасы, шәкірттерге сенім арту – мейлі ол рас не өтірік болсын – олардың ақыл-ойы толысуына қосымша жағымды әсер етеді.

Жоқ жерден байланыс іздеу: иллюзорлық корреляция. Категорияға бөлудің тағы бір нәтижесі – біз екі бөлек заттың арасынан әлдебір байланыс іздейміз, бірақ ешқандай байланыс жоқ. Әлеуметтік психологтар бұған иллюзорлық корреляция деп ат қойды.

Қоғамдық пікірде иллюзорлық корреляция айтарлықтай жиі көрініс табады. Мына екі мысалды алып қарайық: бейресми сауалнама барысында адамдар лесбияндардың ЖИТС (жұқтырылған иммун тапшылығының синдромы) вирусын жұқтыру ықтималдығын келісіп алғандай әсіре бағалады. Шын мәнінде, лесбияндар гомосексуалдар мен гетеросексуалдарға қарағанда, АИТВ (адамның иммун тапшылығы вирусы) инфекциясына әлдеқайда сирек шалдығады.

Өзімсіну/Бөтенсіну эффектілері. Адамдарды категорияға бөлудің кең тараған түрлерінің бірі – оларды екі топқа бөлу: «менің» тобымдағылар және одан тысқарылар. Мысалы, біз көп жағдайда дүниені біздікі және басқанікі деп бөлеміз: менің мектебім және сенің мектебің, менің командам мен қарсыластардың командасы, американдықтар және шетелдіктер, менің этникалық тобым және оныкі немесе менімен дастарқандастар және басқалар. Біз дүниені осылай екі тарапқа бөлуіміздің салдары екі түрлі нәрсеге – біртектілік эффектісіне және топішілік фаворитизмге алып келеді. Біртектілік эффектісі бөтен топтағылардың бәрін өзіміздің топ мүшелерімен салыстырғанда, бір-бірімен ұқсас деп тануға бейімдігімізді білдіреді. Бөтен топтың мүшелері бір-бірінен аумайды, бірдей ойлайды, бірдей әрекет етеді деп жиі елестетініміз, расында, жасырын емес.

Топішілік фаворитизм дегеніміз – әлдебіреудің өз тобын барлық қырынан артығырақ көріп, оны көтермелеу тенденциясы. Өлең төменгі топтық парадигма тұрғысынан көп зерттелді. Британ әлеуметтік психологі Генри Тайфел әзірлеген процедура мүлде бейтаныс адамдарды топқа ең қарабайыр, еш ақылға сыймайтын критерийлерге сүйеніп бөледі.

Конструкциялық жорамалдар және реконструкциялық жады

Әлеуметтік танымда екі түрлі ойлау процесі айырықша рөл атқарады – келешекте болатын оқиғаларға біздің реакциямызды болжау және өткен оқиғаларды есте сақтау. Екеуі де орасан, орны толмас қателікке ұрындырады. Түпкі нәтиже бізге қалай әсер ететінін жорамалдау алға қойған мақсатымыз бен бел буған тәуекелімізге кедергі келтіреді.

Неге біз болжам жасағанда шалыс басып, қиыс кетеміз? Бір себебі – өмірде біз қуанышқа да, қайғыға да тез үйренеміз, бірақ келешегімізді ойша қиялдағанда сол бейімделгіштігімізді оңайлықпен мойындай қоймаймыз. Басқа бір себебі – біз келешекті көзімізге елестеткен кезде барлық нәрсені ысырып қойып, тек бір ғана мәселеге көбірек көңіл аударатын секілдіміз. «Үйленсем, лотерея ұтып алсам немесе атақты тұлға болсам, ұзақ уақыт бойы бақыттың құшағында шалқып жүремін деп қиялдаймыз» немесе «жұмысымнан әлде сүйіктімнен айырылсам, өмірім ойран болады» деп ойлаймыз. Ал, шын мәнінде, рақат та, ауыртпалық та уақыт өте ұмытылады.

Келешекті елестету мен өткенді еске алу – қоғамдық қарым-қатынасымызда маңызы қандай жоғары болса, жаңсақ пікірдің қалыптасуына да тигізер әсері сондай. Енді еске сақтау туралы айтайық. Еске сақтау – психологтар бірнеше рет нақтылағандай, реконструкциялық процесс. Айтпағымыз, біз өткен оқиғаларды тап сол күйінде жадымызда жаңғырта алмаймыз. Бұл – қалаған музыканды қосу үшін таспаны кері айналдыратын түймені баса салу емес. Керісінше, біз нақты сол оқиғаның кейбір сәттерін ой елегінен өткізіп, яғни «не болуы мүмкін еді, қалай болғаны жөн еді немесе біз оның қалай болғанын қалар едік» деген сияқты сұрақтар арқылы сараптап барып еске түсіреміз. Оқиға өткеннен кейін, «жұрт не ойлады екен» деген ой да жадымызға кәдімгідей әсер етеді. Энтони Гринвалд айтып кеткендей, өз өміріміздің өткінші сәттерін еске түсіруге тырысатын, біз секілді, тарихшыларда тарихты қайта қарап, деректі бұрмаласа, баяғыда-ақ жұмыссыз қалар ма еді? Әлбетте, бәріміз естеліктер өткен өмір туралы тек шындықты шертеді деп сенгіміз келеді. Көп адамдарды естеліктің шындықтан қиыс кету мүмкін екені айтарлықтай алаңдатады.

Әйгілі когнитив-психолог Элизабет Лофтус реконструкциялық жадыны зерттеудің кешенді бағдарламасын атқарды, нақтылай айтсақ, «әлдебір ойға жетелей отырып» сауал қою адамның есте сақтау қабілеті мен одан кейінгі куәлік етуге қалай ықпал ететінін зерттеп көрді. Эксперимент барысында Лофтус адамдарға түрлі көлік апаттарын көрсетті. Бұдан шығатын қорытынды, жетелеуші сұрақтар тек фактіні бағалауға ғана емес, не болғанын еске сақтауға да әсер етеді. Тағы бір зерттеуінде Лофтус адамдарға көлік апатын және жаяу жүргіншілер душар болған апаттың көріністерін слайдтан көрсетті.

Сосын, іле-шала қатысушылардың тең жартысынан «соңғы келіп соқтығысқан көк машинаның төбесіне шаңғы бекітулі болды ма?» деп сұрайды. Қалған жартысына да сол сұрақ қойылды, бірақ «көк» сөзін әдейі жасырып айтпай қалды. Көк түсті көлік туралы сұраққа жауап бергендер тек қана көк түсті көлік көргендеріне сенімді болды. Қарапайым сұрақ оларды жаңылыстырды.

Автобиографиялық жады

Өміріміздің әр сәтін есте тұту мүмкін емес. Уақыт өте маңызды өзгерістер де, ауытқулар да болады. Мән беріп қарасаңыз, бұл өзгерістер тегіннен-тегін емес. Біз өз өмір тарихымызды Хазел Маркуссат қойып, айдар таққан төл сызбаға ыңғайлауға тым бейімбіз.

Бұл жерде төл сызба дегеніміз – бір-бірімен жымдасып, тұтасып кететін жеке өміріміз туралы өз сеніміміз, сезіміміз бен естеліктеріміз.

Жадымыздың өзгеретіні сондай, есімізде өткен өміріміз тек еміс-еміс сақталады. Мысалы, егер балалық шағымыздың бақытсыз сәттері мен ата-анамыздың бізге қаталдық танытқанын, жақын болмағанын білсек, осы жалпылама көрініс толықтыратын сәттерден басқасын еске түсіру әлдеқайда қиын болар еді. Осылайша, жылдар өте біздің естеліктеріміз барған сайын өзара байланысты болады, бірақ көмескіленіп, дәлдіктен айырылады. Біз өз өмір тарихымызды сол өзара байланыса қалған оқиғалар тізбегінің ыңғайына бейімдейміз. Бұл – өткен өміріміз туралы өтірік айту емес, төл сызбаға лайықтау үшін кей сәттерді естен шығаруымыздың салдары.

Элизабет Лофтус бұл бағыттағы зерттеуді одан әрі ілгерілетті. Ол жақын адамына өтірікті шындай қылып айтқызып, жас адамның санасына балалық шағы туралы жалған естеліктерді сіңіру оңай екенін дәлелдеп берді. Мысалы, егер жас балаға әпкесі: «Бес жасыңда бір сағат бойы Университет қалашығының үлкен дүкенінде адасып қалғаның есіңде ме? Ой, біраз абдырап қалдық. Бір қарт кісі саған көмектескісі келді емес пе? Біз сені тауып алған кезде, сен әлгі қарт кісінің қолынан тас қылып ұстап алғансың. Бақырып жылап тұр екенсің» дейді. Осындайды естігеннен кейін көп адам бірер күннің ішінде оны ойына сіңіріп, өз жанынан дерек қоса бастайды және оның шын болғанына имандай сенеді, ал, негізінде, ондай оқиға басынан өтпеген еді. Мұны жалған естелік синдромы деп атайды.

Жаңғырған жады (еске сақтау) феномені. Лофтустың біреуге балалық шақ туралы жалған естелікті таңу жөніндегі зерттеуінен кейін, өзі және басқа когнитив-психологтар айналадағы әлеуметтік феномен – жаңғырған жады феноменін тереңірек қаузай бастады. 1980–1990 жылдары бұрын-соңды өздеріне беймәлім болған балалық шақтың сұмдық оқиғаларын аяқасты есіне түсірген мыңдаған ересектер пайда болды.

Жадында жатталып қалған әлгі жаман оқиғалардың басым бөлігінде әкелері немесе отбасының басқа мүшелері жылдар немесе айлар бойы жыныстық қатынасқа мәжбүрлегені айтылады. Тіпті арасында сәбилерді өлтіріп, етін жеу секілді сұмдық, жантүршігерлік қылмыстық әрекеттерге қалай күштеп қатыстырғанын анық түсіндіріп беретін естеліктер де болды.

Әдетте мұндай беймәлім, құпия сырлар қарқынды психотерапия кезінде немесе әртүрлі тәжірибелік кеңестер беретін психологиялық кітаптарды оқығаннан кейін ашылып жатады.

Мұндай жағдайдың салдары ауыр болуы мүмкін. Сәйкесінше, оған бейжай қарауға болмайды Жасыратын несі бар, жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу отбасында болып тұратын жағдай. Алайда адамның жадына жүйелі зерттеу жасаған когнитивті бағытын зерттеуші көптеген ғалымдар бұл айтылған естеліктердің басым бөлігі шындыққа жанаспайтынына анық көз жеткізген. Олардың пікірінше, полиция мен адвокат куәгерді ешқашан болмаған оқиғаны көргендей қылып айтып беруге қалай көндірсе, адамдар да бала зорлығы секілді сұмдық оқиғаға ешқашан душар болмаса да, әлгіндей сырттан күштеп таңуға оңай көніп қалады.

Жалған жады – заманауи психологияның ең кереғар тақырыптарының бірі.

Кейбір кәсіби психологтар бұл түсініктемелердің мәнін анық қабылдағысы келеді. Бірақ, когнитивист-ғалымдар өздерінің ғылыми зерттеулеріне сүйене отырып, зорлықты нақтылайтын дәлел болмаса, отбасы мүшесін қараптан-қарап қаралау қате деп пайымдайды. Бұған дейін келтірілген ғылыми-зерттеулерден бөлек, зерттеушілер күнделікті өмірдің мысалынан да жадыда жаңғырған жәбірлену туралы естеліктердің көбі зер салып қарағанда, әлде бірыңғай өтірік, әлде шын болуы екіталай болып шығатынын айтады. Кейбір жағдайларда, психологиялық ем-шара кезінде әлгіндей «жаман естеліктерді» ойына жамап алғандар бірнеше жылдан кейін ондай оқиға ешқашан болмағанын түсінеді, сосын, бұрынғы айыптауларынан бас тартып жатады. Кей кезде анық дәлел болуы керек жерде оның жоқтығы бірден көзге көрініп тұрады.

Адам танымы қаншалық консервативті?

Өзіңізді қараңғы бөлмеде кім бейнеленгенін анық ажырату мүмкін емес фотосуретке қарап тұрмын деп елестетіңіз. Бірте-бірте сұлбасы көрініп, сәл ғана бұлдыр болады. Осы сәтте сіз оның не екенін ойлана бастайсыз. Егер сіз тәжірибеге қатысушылардың басым бөлігі сияқты жауап берсеңіз, шамамен 25 пайызға дұрыс болып шығасыз. Бірақ, сіз сәл бұлыңғыр суретке көз үйретпестен, қарай бастадым деп ойлаңыз. Әуелгіден гөрі жақсы аңғарасыз ба, әлде нашар ма? Алдымен, суретке аз уақыт қана қарағандықтан, дәлдік кемитіндей көрінуі мүмкін. Олай емес. Тіпті, суретті қарауға бұдан гөрі аз уақыт кетіргеннің өзінде, шамамен 75 пайызға дұрыс болар еді – дәлдік үш есе. Қалайша? Сынақ нәтижесінде алдын ала пікірдің жаңсақтығы бастапқы әсерді немесе сенімді растауға тырысу процесін көрсетті. Сурет бұлыңғыр болса, көп адамдар бұл не болуы мүмкін деп тұспалдайды – вафельді балмұздақ сияқты ма, жоқ әлде, жұлқынып тұрған атқа ұқсай ма? Эйфель мұнарасына да келеді. Осындай әуелгі болжамға байланып қалатынымыз сонша, кейде сәл бұлыңғыр суретті

де ажыратуымызға кедергі келтіріп жатады. Алдын ала пікірдің жаңсақтығы адамның ойлау қабілетіне тән процесс екеніне көп дәлел бар. Мысалы, Марк Снайдер және Уильям Суонн жүргізген экспериментте колледж қыздарына: сендер танысқалы жатқан адам– интроверт немесе экстраверт болуы мүмкін деп алдын ала айтылды.

Сосын, олар әлгі жанмен жақынырақ танысып-білісу үшін өздері сұрағысы келетін сұрақтарды дайындады. Олар қандай сұрақ қойғысы келді деп ойлайсыз, негізінен, сынаққа қатысушылар өздерінің бастапқы болжамдарын растайтын дерек естігісі келді. Экстравертпен кездесемін деп ойлаған қыздар өз болжамдарымен сәйкес келетіндей, «кешкі сауықты қыздыру үшін не істер едің?» және «қай кезде көп сөйлейсің?» дегенге ұқсас сұрақтар қоюға тырысты. Ал интровертті іштей күткендер: «қандай жағдайда өзіңіздің ашық-жарқын болғаныңызды қалар едіңіз?» және «шулы сауық-сайранның сізге несі ұнамайды?» деген сұрақтарды қоюға тырысқан.

Байқасаңыздар, сұрақтарға шынайы жауап берілсе, сынаққа қатысушылардың әлгі адам туралы болжамы рас болып шығуы ықтимал еді. Яғни экстравертке де, интровертке де жатпайтын жан бірінші лектегі сұрақтарға жауап берсе – экстраверт, екінші топтағы сұрақтарға жауап берсе, интроверт көрінуі мүмкін.

Біз тек болжамымызды растауға тырысып қана қоймаймыз, кейде оның шын екеніне имандай сенеміз. Мұны Барух Фишхоф атау тапқан ретроспективалық көзқарас жаңсақтығы – «мен мұны баяғыдан білгенмін» эффектісінен анық аңғаруға болады. Өткен дәрістегі пікірталасымыз еске түседі. Бір жағдайдың соңы не боларын білсек, біз оны алдын ала болжап білуге болатынына сенуге өте бейімбіз. Фишхоф экспериментінде сынаққа қатысушыларға тарихи оқиғалар туралы білімін тексеру үшін тест берілді. Олардың міндеті – оқиғаның төрт ықтимал нәтижесінің қайсысы шын мәнінде күмәнді екенін анықтау. Қатысушылардың кейбіріне төрт ықтимал жайттың біреуі расында да болғаны айтылды. Бірақ, «дұрыс» жауапты алдын ала білмедім деп есептеп, өзі таңдағысы келетін нұсқаға тоқтаңыз деген өтініш айтылды. Зерттеу нәтижесі сынаққа қатысушылар әлгі сөзге құлақ асатынын көрсетті, олар өздерінің дұрыс жауапты алдын ала білгеніне тым сенімді болып шықты. Басқаша айтқанда, сынаққа қатысушылар тест жауабын білмесе де, жауабы айтылған сәттен-ақ, мұны баяғыдан білетін сыңай танытып, ұмытпағанына сенімді болған.

Бұдан растау мен ретроспективалық көзқарас жаңсақтығы адам танымы консервативті болуға бейім екенін нақтылай түседі. Яғни біз бұрыннан барды сақтауға – білімімізді, сенімімізді, көзқарасымызды және стеоретиптерді құптауға тырысамыз. Көп жағдайда кітапта біз когнитив консерватизмге бірқатар мысал келтірдік: алғашқы ақпараттың ықпалы күшті болады, бір нәрсеге көзқарасымыз қалыптасқанда, оңай қабылданатын категориялар тым көп пайдаланылады; көрнекі, қолжетімді және көзқарас эвристикасы кейде қате қолданылады, стереотиптер ақпаратты бұрмалап, олардың алдамшы екенін танытады; сол кездегі жағдайға сай болу үшін адам жады жаңғырады.

Өзінің провокациялық мақаласында Энтони Гринвалд когнитив консерватизмнің кем дегенде бір пайдасы бар деген уәж айтады. Бұл бізге қоғамдық өмірді үйлесімді әрі тұрақты орта ретінде қабылдауға мүмкіндік береді.

Дегенмен, осы дәрістен оқып-білгеніңіздей, когнитив консерватизмнің залалы да бар. Жарамсыз категорияларды қате пайдалану кесірінен адамдар оқиғаларды бұрмалайды немесе маңызды ақпаратты елемей қалады. Эвристиканы дұрыс қолданбау бұрыс шешімге алып келеді. Жаңа, кереғар мағлұматтар арқылы дүниетанымымызды жаңартуда қабілетсіздік көрсетсек, нақты дүние туралы қате түсінік қалыптастырып алуымыз мүмкін. Мұның психикалық салдары ғана болмайды, сонымен қатар, нәсілшілдік, жыныстық кемсіту, соқыр сенім және ақыл таяздығы секілді әлеуметтік мәселелерде де айқын көрініс табады.

Когнитив консерватизмнің теріс салдарын айналып өту үшін не істей аламыз? Бұлжымайтын төрт негізгі заңдылықты сақтаудың көмегі болуы мүмкін.

Біріншіден, жағдаятқа қарай, саған өз түсінігін таңғысы келетіндерден абай бол. Адамдарды немесе оқиғаларды анықтап-ажыратудың түрлі жолы бар. Өзіңе ұдайы «бұл ненің белгісі» деген сұрақ қой.

Екіншіден, адамдарды немесе оқиғаны категорияға бөлу, сипаттаудың бір емес, бірнеше жолын қолдануға тырыс. Өйткені, оқиғаны немесе адамды жан-жағынан қарастыру арқылы біз белгілі бір

қалыпқа сүйеніп, кейін оны қате қолданбаймыз – жаңсақ, үстірт көзқарасымызға сәйкес болу үшін ақпаратты өзгертпейміз.

Үшіншіден, адамдарды немесе маңызды оқиғаларды бірегей деп ойлауға тырыс, олар белгілі бір танымал категорияға жатса да, олардың басқа да категорияларға қатысы бар және өздеріне тән қырлары болады. Индивидуация эвристика мен стереотиптерді шамадан тыс қолданудан сақтандырады. Ең соңғысы, осы дәрісте суреттелген когнитивті бұрмалаудың құрбаны болып қалып жүрме. Келесі дәрісімізде біз когнитивті консерватизмді кеңірек талқылап, өзімізді жаңсақ ойдың теріс салдарынан қорғаудың жолдарын қарастырамыз.